



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2016 жылғы 27 желтоқсан

2016 жылғы қарашада халықтың қолма-қол АҚШ долларын сатып алуы

2016 жылғы қарашада халықтың айырбастау пункттерінде қолма-қол АҚШ долларын нетто сатып алу көлемі (сатып алу минус сату) 397,7 млн. АҚШ долларын құрады. Бұл көрсеткіш 2015 жылғы қарашадағы деңгейден сәл жоғары (11%-ға), алайда алдыңғы 5 жылдың тиісті айларының мәндерінен айтарлықтай төмен (2010-2014 жылдардағы қарашада орташа алғанда 1,2 млрд. АҚШ доллары).

2016 жылғы 11 айда халықтың АҚШ долларын нетто-сатып алуы – 1,0 млрд. АҚШ доллары 2015 жылғы қаңтар-қарашадағы көлемдерден 6,8 есе төмен болды, бұл 15 жылдағы ең төмен көрсеткіш болып табылады. Халықтың АҚШ долларын жалпы сатып алу көлемі 2015 жылғы қаңтар-қарашамен салыстырғанда екі еседей төмендеуді көрсетті.

Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz